

РЕКТОР ӨНЕР ИНСТИТУТЫНДА БОЛДЫ

Ректор Болат Тілек Өнер, мәдениет және спорт институтында болып, белсенді студенттерімен кездесе откізді. Ректор студенттердің білім беру ортасын қалыптастырудары шешуші рөліне тоқталып, оларды университет өміріне белсенді қатысуға шақырды. Студенттік белсенділік тек өнер, мәдениет және спорттағы жетістіктерімен ғана бағаланбайды, сонымен қатар университет пен еліміздің дамуына қосқан маңызы үлес ретінде де бағаланатынын айтты.

Інституттың білім беру бағдарламаларын дамыту перспективалары талқыланып, бұл бағытта, атап айтқанда студенттердің шығармашылық және практикалық дағдыларын дамыту, білім беру жүйесіне озық технологияларды енгізу бойынша кезең-кезеңімен жұмыстар жүргізіліп жатқаны айттылды. Осы саладағы болашақ кадрларды қасиби даярлау мақсатында тағылымдамадан өту және тәжірибе алmasу мүмкіндігінің жоспарларына ерекше назар аударылды.

Кездесуде оқу үрдісі, жатақханаларда түру жағдайлары, алеуметтік қолдау қажеттілігі, сонымен қатар шығармашылық жұмыстарға, оның ішінде акт залын бөлуге қатысты маңызды маселелер талқыланды. Сондай-ақ студенттердің республикалық іс-шараларға қатысуына материалдық көмек көрсету және М.Әуезов атындағы театра өндірістік тәжірибеден өтүйн қолдау маселелері қаралды.

Ректор университет жаңындағы Өнер, мәдениет және спорт институтының стратегиялық маңызына тоқталып, студенттерді белсенділікке, жаңа жетістіктеге үмтүлуга және қасиби өсу үшін бар мүмкіндіктерді толық пайдалануға шақырды.

Мұхтар ИБРАЙМОВ ҚАЙТА САЙЛАНДЫ



Абай атындағы ҚазҰПУ қызметкерлері кәсіподарғының есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Конференция жұмысына Отандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподарғының төрағасы Айгүл Мұқашева, университет қызметкерлері мен делегаттар қатысты.

Іс-шараны университеттің касіподак комитетінің төрағасы Мұхтар Ибраимов ашып, ұжым алдында соңғы бес жыл мерзімде атқарған жұмыс есебін берді.

Осы жылдар ішінде университеттің кәсіподак комитеті оқу ордасының басшылығымен бірлесіп профессор-окытушылар құрамы мен қызметкерлердің әлеуметтік қорғау, материалдық көмек көрсету, сауықтыру бағытында ауқымды жұмыс жүргізген. Сонымен қатар көптеген әлеуметтік-мәдени іс-шаралар өткізілгені туралы айттылды.

Қызметкерлердің әлеуметтік және еңбек құқықтарын қамтамасыз ету, қоғам қызметіне қолайлы жағдайлар жасау мақсатында университет пен кәсіподак арасында ұжым-дауық көлім-шартжасалды.

Конференцияда университеттің кәсіподак комитетінің 2018-2023 жылдар аралығындағы жұмысына оңтайлы баға беріліп, делегаттардың бірауыздан дауыс беруі нәтижесінде алдағы бес жыл мерзімге кәсіподак комитетінің төрағасы лауазымына Мұхтар Ибраимов қайта сайланды.

Салалық кәсіподак төрағасы А.Мұқашева өз сөзінде есепті мерзімде атқарылған жұмысқа жоғары баға беріп, университетте әлеуметтік әріптестік жоғары деңгейде қалыптасқаны туралы атап өтті. Еңбек қатынастарын реттеу және кәсіподак мүшелерінің еңбек құқықтары мен мұдделерін қорғау бағытында кәсіподак алға қарай да жемісті жұмысын жалғастыра береді деген сенімдеміз.

Қоғаммен байланыс департаменті

23 қарашасында Абай атындағы ҚазҰПУ Жастар ісі жөніндегі комитеттің үйімдестірылуымен «Абай» апталығы аясында «Көшбасшылар» қалалық жоғары оқу орнандары Жастар ісі жөніндегі комитеттерінің форумы өтті. Форумның басты мақсаты - ЖОО Жастар ісі жөніндегі комитеттердің арасында ынтымақтастықты нығайту, тәжірбие алмасу, жастардың бәсекеге қабілеттілігін шындау, көшбасшылық дағдыларын қалыптастыру, нетворкинг жүргізу арқылы, студенттердің достық қарым-қатынасын арттыру болатын. Бір күнге созылған қалалық форумға арнайы спикерлер шақырылып, семинар-тренингтер өтті.

ЖАСТАР және КӨШБАСШЫЛЫҚ



Форум бас оқу гимаратынан бастау алды. Қатысушылар ең алдымен университеттің музейімен таныс болды. Келесі кезекте, қатысушылардың арнайы спикерлердің «Тұлғалық даму» тақырыбында семинар-тренингін өтті. Семинар-тренингті университеттің Басқарма төрағасы-ректоры Болат Тілептің алғы сөзімен басталды. Қызайбай Әлібек, Саков Азамат форум спикерлері ретінде «Тұлғалық даму» «Көшбасшылық» тақырыбында сөз сөйледі. Форум қатысушылар күн тәртібіне қойылған мәселелерді талқылады. Көшбасшы жастар «Мансапқа қалай жете аламыз?», «Шетелде мемлекет имиджін қалыптастырудары жасаңыз!», «Жастарға үздік көшбасшы болуға не кедерігі келтіреді?», «Осындай жастар үйімдарының мүшесі қалай бола аламын?», «Көшбасшылық дағдыларды қалай

дамыта аламыз?», секілді тақырыптар аясында сөз қозғады. Семинар-тренингтен кейін форум қатысушыларына «Abai student center» орталығымен таныстыру жұмыстары өтті. Таныстырылым «Blues bend» музикалық тобының ән шашуымен бастау алды.

Қатысушылар студенттік орталықпен қатар университеттің музейімен таныс болды. Форумның мәресін, шешендік өнер бойынша кәсіби жаттықтырушы, «Fabrika oratora» компаниясының негізін қалаушы, «Қазақ, шешендік клубының» негізін қалаушы, спикер Жұмабаев Куаныш өткіген «Көшпілік алдында сөйлеу және өзін-өзі таныстыру», «Сөйлеу шеберлігі тақырыбындағы шеберлік сабағымен аяқтады. Студенттерге сөз шеберлігін қалыптастыру, адамың, ең үлкен қорқынышының бірі - көшпілік алдында сөйлеу және де түрлі ішкі қорқыныш пен қобалжуды женетін, көшпілік алдында сенімді сөйлеуге арналған жаттығулар, ойындар негізінде студенттер бірігіп ойындар мен тапсырмалар орындағы. Куаныш Жұмабаев тәжірбесімен бөлісіп, сөйлеу шеберлігінің көшбасшы үшін маңыздылығын, студенттер арасында көшбасшылық қасиеттердің қызықты да сырлы қырларымен бөлісти.

Форумның жабылу салтанатында университеттің «Айдай» би тобы өнер көрсетті. Қатысушыларының 95 жылдық тарихы бар, қара шаңырақ - Абай университеттің жайында «Tez tar» блиц сұрақтар айдары жүргізілді. Сұрақтарға дұрыс жауап берген қатысушыға университеттің имидждік сыйлықтары сыйға тартылды. Іс-шара соңында қатысушылар мен спикерлер университеттің Басқарма төрағасы-ректор Болат Тілептің арнайы алғыс хатымен мараппатталып, университеттің арнайы имидждік сыйлықтары табысталды.

«ЖАЙДАРМАН» ОЙЫНЫНЫҢ АҚТЫҚ КЕЗЕҢІ

Абай университеттіnde «Абай» студенттік апталығы аясында «Жайдарман» ойынының финалы өтті.

Ақтый кезенде «50/50», «Көшедегілер», «Респект», «АКТ», «Абайла» және «Авангард» командалары бақынасты. Бұл шараның басты ерекшелігі қатысушылардың әлеуметтік, саяси және тұрмыстық жағдайлардың әзіл форматында көрсетуінде болды. Түрлі өзекті тақырыптар қозғалып, студенттің өмір мен әлеуметтік желідегі қызықты сәттер ортаға салынды.

Ойын қорытындысы бойынша бірінші орынды «50/50» командасы, екінші орынды «Көшедегілер» командасы, үшінші орынды «Сылластық» командасы жеңіп алды. Барлық қатысушыларға шығармашылыштары мен ынталары үшін алғысайтамыз!



Баспасөз қызметі

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттінде аталған оқу орнның түлегі, жасындағы жарқ етіп, отызға жетпей өмірден озған, айтыстың жарық жұлдызы, қазақ айтыс өнерінде өшпес ізі қалған ақын Оразалы Досбосыновқа арналған «Ақының сөзі жетер сан гасыра...» атты қалалық студенттер айттыс өтті.

ЖАС АҚЫНДАР САЙЫСЫ



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттінде аталған оқу орнның түлегі, жасындағы жарқ етіп, отызға жетпей өмірден озған, айтыстың жарық жұлдызы, қазақ айтыс өнерінде өшпес ізі қалған ақын Оразалы Досбосыновқа арналған «Ақының сөзі жетер сан гасыра...» атты қалалық студенттер айттыс өтті.

Ақындардың өнеріне ҚР Мәдениет қайраткері, белгілі айттыс ақын Серік Қалиев, «Балдырған» журналының бас редакторы Дауисен Мұсірәлұлы, «Абай университетті» газетінің бас редакторы, белгілі ақын Болат Шарахымбай, айттыс ақын, «Абай» атындағы мәдениет пен өнердің қолдау қорының төрағасы Аслан Faуров қатарлы адебиет пен мәдениет қайраткерлері әділ бағасын берді. Ақындарының төрағасы Аслан Faуров қатарлы адебиет пен мәдениет қайраткерлері әділ бағасын берді. Ақындарының төрағасы Аслан Faуров қатарлы адебиет пен мәдениет қайраткерлері әділ бағасын берді.

Ақтый кезенің қортындысы бойынша, қазылар алқасының шешімімен Үларбек Женісбекұлы бас жүлдеден қанжығасына байлап, 150 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлыққа және университет ректорының арнайы дипломымен мараппатталды.

Бірінші орын - университеттің мәдениеттік студент Санжар Даирбекке бүйірса, екінші орын - Жалғас Қазыбекке, жүлделі ушінші орын - Сандырай Піржан лайық деп табылды. Айттып өтер нәрсе, додаға қатысқан жас ақындардың ешқашысы жүлдесінде қалған жоқ. Барлығы қаржылай сыйлыққа және арнайы дипломдармен аталаип өтті.

Одан біlek, «Атамұра» корпорациясы ЖШС президенті, меценант Рақымғали Абрабулының тагайындаған арнайы жүлдесінде университеттің мәдениеттік студенттері Сәулет Нұршапағат, Шұғыла Қасымбек және Дінислам Абитилда ие болды. Да осындағы арнайы қаржылай сыйлық марқұм Оразалы Досбосыновтың отбасынада берілді.

Айттып өтегін бір жайт, оқу ордамыздың атынан осындағы өнер додасына қатысып, жүлдеделі орындардан көрініп жүрген ақындарының университет жаһында жұмыс істейтін «Оразалы Досбосынов» атындағы жас айттыс ақындар орталығында (төрағасы белгілі айттыс ақын Шүғайып Сезімхан) тәрбиленіп, даярланады.

Айман БЕЙСЕМБАЕВА,
«Халықтық тәрбие» орталығының маманы

ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ ЖОБАЛАР СӘТТИ ЖҰЗЕГЕ АСЫП ЖАТЫР

Ынтымақтастық білім және ғылым саласындағы бірлескен жобалар мен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға ықпал етеді. Абай университеті мен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты арасындағы ынтымақтастықты нығайтуда маңызды қадам жасалды. Басқарма тегерасы-ректор Болат Тілеп бастаған Абай университетінің делегациясы ғылым мен білім саласындағы бірнеше негізгі бағыттар бойынша ынтымақтастықты дамыту перспективаларын талқылау үшін ғылыми институт ұжымымен кездесті.

Университет басшысы педагогикалық университеттепен ғылыми институттың арасындағы ынтымақтастық



тың маңыздылығын атап өтті. «Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты дамыту біздің стратегиямыздың маңызды бөлігі болып табылады. Біз университеттіміздің дамының жаңа серпін беретін, профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыратын және студенттерімізге бірегей білім беру мүмкіндіктерін беретін бірлескен ғылыми жобалар мен білім беру бағдарламаларын табысты іске асыруға үміттенеміз», - деді білім ордасының басшысы.

Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастықтың кеңеңті, ғылыми кадрларды даярлау, студенттердің практикалық сабактарын үйімдестеру және тәжірибе мен білім алмасу үшін әріптестік байланыстарды нығайтуда саласындағы даму жолдары талқыланды. Атап айтқанда, бірлескен ғылыми жобалардың жоспарын құруға, ғалымдар, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер арасында тәжірибе және ақпарат алмасуға, сондай-ақ оқу үдерісіне озық тәжірибелі енгізуге баса назар аударылды. Екі тарап та тығыз ынтымақтастыққа дайын екендіктерін білдірді. Бұл кездесу бірлескен ғылыми жобалар мен озық тәжірибелерді жүзеге асырудың өзара әрекеттесудің бастамасы болды.

Бұл маңызды қадам Абай университеті мен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты арасындағы ынтымақтастықты дамытуға, сондай-ақ білім және ғылым саласындағы бірлескен жобалар мен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Баспасөз қызыметі

Қ.А.Яссасу атындағы №123 мектеп-гимназиясында педагогикалық практика аясында Тарих және құқық институтының «6B01601-Тарих» мамандығының 4 курс студенттері Алмагул Қайратқызы «Қазақстандағы үлттық автономиялар» тақырыбына 8 «Ә» сынып оқушыларымен, ал, Назира Нұрмұханбет «ХХ ғасырдың 60-80 жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси дамындағы қарама-қайшылықтар» тақырыбына 9 «А» сынып оқушыларымен ашық сабак өтті. Ашық сабакта Тарих және құқық институт директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұрлан Манапов, практика жетекшісі Қ.А.Яссасу атындағы №123 мектеп-гимназиясының педагог-сарапшысы Калдыбек Жаныкулов мен Тарих кафедрасының менгерушісі Айнаш Азербаева, тарих пәннің мұғалімдері мен 4 курс студенттері қатысты. Сабактың мазмұны көрсетілген тақырыпқа және сабак жоспарына толық сәйкес келді.

МЕКТЕПТЕГІ АШЫҚ САБАҚ



Сабак барысында «Baambozzle» платформасы арқылы үй тапсырмасы сұралды. Жаңа білім презентация түріндегі көрнекі интерактивті материалмен сүйемелдене отырып, терминдер және мәтіндермен топ-топ бойынша жұмыс жасалды. Жаңа сабакта байланысты видео көрсетілді. Сонымен қатар, ВЕНН диаграммасы мен сәйкестендірі әдісін пайдаланды. Сабакты бекіту барысында «Wordwall» платформасы арқылы сұрақтар аялдамасына тоқталып, «Жасанды интеллект» әдісі бойынша сабакты қорытындылады. Кері байланысқа «Киіз үй» әдісін қолданды.

Ашық сабак - бағдарламалық материалды сапалы және нақты игеруге, өткен оқиғалардың салдарын түсінуге, оқушылардың шығармашылық белсенділігін, тапқырлығын, қызығушылығын дамытуға және белгілі бір дүниетанымды қалыптастыруға ықпал етті.

Сабактың мақсаттары, білім, білік және дағдыларды қалыптастыру жүзеге асырылды. Сабак аяқталғаннан кейін өткен ашық сабакта талқылау жасалынды.

Ақерке ҮІСҚАҚ

СТУДЕНТІК ПРАКТИКА

ЭКОЛОГИЯ және БІЗ



Педагогикалық практика аясында Алматы қаласы Қ.Қатықбаева атындағы №168 мектеп-гимназиясында «Мейірім» клубының экологиялық бағыты бойынша Педагогика және психология институты «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасының 4-ші курс студенті Қияқбай Назым қауымдастырылған профессор Ширинаева Гүлбахыраның жетекшілігімен 5 «Б» сынып оқушылармен «Экология және біз» тақырыбында сыйыптан тыс ашық экологиялық сағат өткізді.

Іс-шараның мақсаты ғаламшардағы қолжетімді ауыз су мөлшерінің шектелуі және қалдықтарды басқару мәселесінің маңыздылығын түсінү туралы білім беру арқылы оқушылардың экологиялық жауапкершілігін қалыптастыры. Тақырыптың өзектілігі сабактың: 1) су ресурстары; 2) қоқыстың қайта өндеу; 3) эко-із теориялық және практикалық бөлігіндегі «Экологиялық клубтар» оку бағдарламасы негізінде ашылды. Теориялық бөлім су ресурстарын қорғауды зерттеуді және қалдықтарды басқаруды қамтыды. Экологиялық сағаттың практикалық бөлігі арнайы құрылған «Сұрақ-жаяуп» жасыл шенберінде үйлесілді. Су ресурстары, қоқыстың қайта өндеу бойынша бақылау тәжірибесі көрсетілді. Улестіріме материалмен шығармашылық тапсырмалар, «Қоқыстың қайта өндеу», «Кім жылдам» интерактивті карта ойнандары өткізді. Топтық және шығармашылық жұмыстарды жүргізу оқушыларға обьектівті қорытынды жасауға, жалпы ғаламшарға қыннат жасамаудың экологиялық аспекттерін қарастыруға мүмкіндік берді. «Әкослед» тестілеу әдісі бойынша кері байланыс алу үшін климаттық взєрістердің жай-күйі мен ғаламшар экологиясының ластану деңгейіне кешенді қорытындылар мен салыстырмалы талдау жасалды.

Сонында экологиялық сағат барысында анықталған негізгі мәселелер негізінде мектептеге экологиялық клуб құры идеясы аясында оқушылардың еріктілік қызметін жандандыру қажеттілігі жөнінде үсінімдер қабылданды.

МҰГАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН СЕМИНАР



Абай атындағы ҚазҰПУ Жаратылыштану және география институты «Биология» кафедрасының оқытушылары Гаухар Абдикаримова, Гулжанат Камиева және 4-курс «6B01513-Биология» ББ білім алушылары Тілекші Бекмұрзина мен Ақерке Бақтыйбайқызы Б.Атыханұлы атындағы №36 гимназия мұғалімдеріне «XXI ғасыр дағдылары: сабакта қалай дамыту және бағалау көрек» тақырыбында семинар өткізді және дидактикалық материалдар көрмесін үйлесілді.

Спикерлер сабакта XXI ғасыр дағыдағыларын дамыту жолдары, заманауи әдістер мен платформаларды қолдану мүмкіндіктері, олардың практикалық маңызынна тоқтады.

Семинар соңында Б.Атыханұлы атындағы №36 гимназияның оқу ісінің менгерушісі Жанна Оспанбаева университет оқытушылары мен білім алушыларына алғысын білдіріді, дидактикалық материалдар көрмесінің де маңыздылығын атап етті.

Айдана ӘЛИАСҚАР

ӘЗІЛ


- Екі студент әңгімелесін отыр:
 - Орыстар Киев үшін неге жанталасып жатыр?
 - «Киев – бүкіл орыс қалаларының анасы» дегенді естіп не едін, езің?
 - Естідік кой...
 - Ендеши, түсінген шығарсың, кім өзінің көрі анасын өзеге қияды?!



«СПОРТ-ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ»



2023 жылдың 21 қарашасында Жастар ісі жөніндегі комитеттің үйімдестерумен «Абай» апталығы аясында «Спорт-денсаулық кепілі» волейбол жарысы өтті. Студенттердің спортық шеберлігін көтеру және салауатты өмір салтын қалыптастыру, университеттімізде спортың кеңінен насыхаттау мақсатында үйімдестерілған жарысқа барлық институт белсенділіктерін қарасты. Ойын нәтижесі бойынша: 1-ші орынға Өнер, мәдениет және спорт институты; 2-ші орынға Жаратылыштану және география институты; 3-ші орынға Математика, физика және информатика институты табан тіреді. Жарыс жеңімпаздары мен қатысушылары арнайы сыйақы және медальдармен марараптады.



АБАЙ УНИВЕРСИТЕТИНІҢ СТУДЕНТІ - ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

2023 жылдың қазан айында өскери самбо күресінен жастар мен жасөспірімдер арасында Бішкек қаласында (Қырғыстан) өткен әлем чемпионаты өтті. Осы сайыста Тарих және құқық институты «6B04202-Құқық» мамандығының 4 курс студенті Тамирлан Қабдрахманов жүлделі орынға ие болды.

Тамирлан, женсіңмен құттықтаймыз!!!